

БЕКІТЕМІН
«Ер Төстік» бөбекжай-бақшасы КМҚК
менгерушісі *М.А. Турбаева*
«15» «*маусым*» 2025ж

"Ойнайық та, ойлайық"

(дидактикалық ойын)

Педагог - психолог: Данкенова Г

Тақырыбы: "Ойнайық та, ойлайық"

Міндеті: Баланың ойынға деген қызығушылығын, тапсырмалар беру арқылы ойлау қабілетін, танымдық қасиеттерін арттыру. Пішіндерді, түстерді, айырмашылықты ажырата білуге үйрету. Қол, саусақ моторикасын дамыту.

Барысы:

- Сәлеметсің бе, балақай?! Көңіл - күйің қалай?

- Сәлеметсіз бе?! Көңіл - күйім жақсы

- Балақай, сенің ойын ойнағың келеді ме?

- Ия.

-Алдымен, қолға арналған жаттығу жасап алайық

Балаға қарама-қарсы отырып, педагог көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді. Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп,

Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап.

Басбармақ,

Балан үйрек,

Ортан терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

Бала қозғалыстарды қайталайды.

1- ойын: "Түстеріне сәйкес орналастыру"

Міндеті: Түстерді ажырата білуге, айырмашылығын табуға үйрету.

Шарты: үлгі бойынша берілген бейнелерді орналастырады

2-ойын: "Үй жануарларын ата"

Міндеті: Есте сақтау қабілетін, зейінін, танымдық дағдыларын арттыру

Шарты: Үй жануарларының жартысын тауып орналастырып, аттарын, қалай дыбыстайтынын айту.

Күтілетін нәтиже:

Қайталай алады: Жануарлардың дыбысын қайталай алады

Түсінеді: Үлгі бойынша орналастыруды түсінеді

Қолданады: Түстерді сәйкестендіріп қолданады

